

Б.У. Әзібаева

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Алматы, Қазақстан

E-mail: archaica_kz@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4803-458X

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ҰСТАНҒАН ГЕРМЕНЕВТИКА ҚАҒИДАТТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада Халел Досмұхамедұлының филологиялық еңбектерінде зерттеудің негізгі әдісі ретінде алынған герменевтика қағидалары мен эдиция ережелерінің көрінісі зерделенді. Негізгі мамандығы (медицина, жаратылыстану, табиғаттану) бойынша жазылған еңбектерінен тыс Х.Досмұхамедұлы гуманитарлық ғылымдардың көптеген өзекті мәселелерін алғашқылардың бірі болып ғылыми зерттеу нысанына алды. Тілтану, терминжасау, аударма, әдебиеттану, фольклортану ғылымдарының қалыптасып, дамуына зор үлес қосты. Қазақтың тарихына, этнопсихологиясына қатысты зерттеулер жазды. Фольклорлық мұраны жинап, жариялаудың қоғам үшін зәрулігі мен маңыздылығын басқа да Алаш қайраткерлері тәрізді жақсы түсінген Х.Досмұхамедұлы фольклор мәтіндерін жинады, жариялады және зерттеді. Сондай-ақ ғалым ХІХ ғ. ақын-жыраулар поэзиясын ел аузынан жинап, жариялап, ғылыми айналысқа енгізді, зерттеді. Мақалада Х.Досмұхамедұлы қазақ ғылымында бірінші болып герменевтика мен соның аясында қалыптасқан эдициялық мәтінтанудың ережелерін негізгі зерттеу әдісі ретінде таңдағаны зерделенді. Ежелгі Грекияда б.з.д. 480-323 жж. аралығында орын тепкен шығармашылық үдерістерден бастау алған, философиялық сипатқа ие герменевтика методологиясы мәтінді туғызған тарихи-мәдени мен ситуативті контекстерді зерттеу, ақын, жыршы, жыраудың ойын, түпкі ниетін анықтау арқылы мәтіннің тереңде жатқан мән-мағынасын ашуға, танып ұғынуға, адекватты интерпретациясын жасауға мүмкіндік береді. Тану, ұғыну, түсіну сынды философиялық категорияларды зерттеу құралы еткен Х.Досмұхамедұлы 1922 ж., яғни 102 жыл бұрын «Абай тек өлеңші емес, терең саналы адам, философ. Жазған сөзін түсінуге ой керек» деп көрегендікпен жазған. Еуропа ғылымының жетістіктерін меңгерген Х.Досмұхамедұлының үздік ойлы еңбектері өзімен бірге репрессияға ұшырады. Көп жылдар бойы отандық ғалымдар олардан бейхабар болды. Алайда, бүгінгі таңда ХХІ ғасыр ғылымы аясында да оның еңбектері айтарлықтай ғылыми-практикалық әлеуетке ие.

Алғыс: Мақала «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» № АР14870833 гранттық жоба аясында жазылды.

Кілт сөздер: таным, тану, түсіну, интерпретация, контекст, мән-мағына, герменевтика канондары, эдиция.

Б.У. Азибаева

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,

Алматы, Казахстан

E-mail: archaica_kz@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4803-458X

Принципы герменевтики в филологических трудах Халела Досмұхамедұлы

Аннотация. В статье рассмотрено отражение в филологических трудах Х.Досмұхамедова канонов герменевтики и возникшей в ее рамках эдиционной текстологии, взятых ученым в качестве

главного метода своих исследований. Помимо работ, написанных в рамках своей профессии (медицина, естествознание, природоведение) Х.Досмухамедов одним из первых начал разработку многих животрепещущих для общества вопросов гуманитарных наук. Он внес значительный вклад в становление таких научных направлений как лингвистика, терминология, переводоведение, литературоведение, фольклористика. Написал исследования по вопросам истории и этнопсихологии. Как и другие деятели Алаша, хорошо осознавая важность и актуальность сбора и публикации материалов фольклорного наследия, Х.Досмухамедов собирал, публиковал и изучал фольклор. Также он собирал, записывал, вводил в научный оборот и изучал образцы поэзии акынов, жырау и жырши XIX в. Он первым в отечественной науке избрал методом анализа каноны герменевтики и правила сформировавшейся в ее рамках эдиционной текстологии. Истоки герменевтики, имеющей, «как часть искусства мышления», философский характер, восходят к художественным процессам, имевшим место в Древней Греции в период 480-323 гг. до н.э. Методология герменевтики дает возможность путем анализа историко-культурного и ситуативного контекстов, а также уточнения замысла, намерений акына, жырау и жырши расшифровать глубокие, порой завуалированные смыслы и значения текстов, уяснить, понять и адекватно интерпретировать их. Х.Досмухамедов воспринимавший философские категории «понимание», «уяснение», «осмысление» как средство анализа художественного текста с огромной прозорливостью писал более чем 102 года назад в 1922 г. «Абай тек өлеңші емес, терең саналы адам, философ. Жазған сөзін түсінуге ой керек». Х. Досмухамедову были доступны достижения европейской науки, передовые исследовательские методологии которой он использовал в своих работах в качестве главного метода анализа. К сожалению, труды репрессированного ученого были запрещены. Долгие годы научное сообщество не могло приобщиться к его научному наследию. Но и сегодня в контексте науки XXI века его труды обладают значительным научно-практическим потенциалом.

Благодарности: Статья написана в рамках грантового проекта «Деятели Алаша и национальный фольклор» № AP14870833.

Ключевые слова: познание, уяснение, понимание, интерпретация, контекст, смысл, каноны герменевтики, эдиция.

B.U. Azibayeva

*M.O. Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan*

E-mail: archaica_kz@mail.ru

ORCID: 0000-0002-4803-458X

Principles of Hermeneutics in Philological Works of Khalel Dosmukhameduly

Abstract. The article examines the reflection of the canons of hermeneutics and the editorial textology that arose within its framework, taken by the scientist as the main method of his research, in the philological works of Kh. Dosmukhamedov. In addition to the works written within the framework of his profession (medicine, natural science, natural history), Kh. Dosmukhamedov was one of the first to begin developing many pressing issues of the humanities for society. He made a significant contribution to the development of such scientific fields as linguistics, terminology, translation studies, literary studies, and folklore studies. He wrote studies on history and ethnopsychology. Like other figures of Alash, well aware of the importance and relevance of collecting and publishing materials of the folklore heritage, Kh. Dosmukhamedov collected, published, and studied folklore. He also collected, recorded, and introduced into scientific circulation samples of poetry by akyns, zhyrau, and zhyrshi of the 19th century. Kh. Dosmukhamedov was the first in Russian science to choose the canons of hermeneutics and the rules of editorial textology formed within its framework as a method of analysis in the article. The origins of hermeneutics, which has, «as part of the art of thinking,» a philosophical character, go back to the artistic processes that took place in Ancient Greece in the period 480-323 BC. The methodology of hermeneutics makes it possible, through the analysis of historical, cultural, and situational

contexts, as well as clarification of the concept, intentions of the akyns, zhyrau, and zhyrshi, to decipher the deep, sometimes veiled meanings and significance of texts, to clarify, understand, and adequately interpret them. Kh. Dosmukhamedov, who perceived the philosophical categories of “understanding,” “clarification,” and “comprehension” as a means of analysing a literary text with great insight, wrote more than 102 years ago in 1922, “Abai is not just a poet but a deeply thoughtful person and a philosopher. Understanding his writings requires contemplation.”. Kh. Dosmukhamedov had access to the achievements of European science, the advanced research methodologies of which he used in his works as the main method of analysis. Unfortunately, the works of the repressed scientist were banned. For many years, the scientific community could not join his scientific heritage. But even today, in the context of the science of the 21st century, his works have significant scientific and practical potential.

Acknowledgments: The article was written within the framework of the grant project “Alash Figures and National Folklore” No. AP14870833.

Keywords: knowledge, clarification, understanding, interpretation, context, meaning, canons of hermeneutics, edition

1. Кіріспе

Халел Досмұхамедұлы (1883–1939) – қоғам және мемлекет қайраткері, саяси күрескер, Алаш партиясын, Алашорда үкіметін құрушыларының әрі Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі, ағартушы, қазақтың тұңғыш кәсіби дәрігері, энциклопедиялық білім иесі, көрнекті, ойлы филолог, аудармашы, жаратылыстанушы. Ол халқының бостандығы, азаттығы үшін, жалпыадами, демократшыл ұстанымдар үшін бүкіл саналы өмірін, күш-жігерін сарп етіп, аянбай күресті.

Негізгі мамандығы (медицина, жаратылыстану, табиғаттану) бойынша жазылған еңбектерінен тыс Халел Досмұхамедұлы гуманитарлық ғылымдардың көптеген өзекті, күрделі мәселелерін алғашқылардың бірі болып ғылыми зерттеу нысанына алды. Тілтану, терминжасау, аударма, әдебиеттану, фольклортану ғылымдарының қалыптасып, дамуына зор үлес қосты. Қазақтың тарихына, этнопсихологиясына қатысты зерттеулер жазды.

1917 ж. Ақпан төңкерісінің нәтижесінде патшалық жүйе келмеске кеткен соң Х.Досмұхамедұлы қазақ мемлекетін құруға белсене атсалысады. Тездетіп қарулы жасақ – Алаштың атты әскерін (халық милициясы) ұйымдастырады, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарақ алады. Ұлттық банк ашады, баспахана ұйымдастырады, «Еркін қазақ» газетін жарыққа шығарады. Ең бастысы – Ырғыз бен Маңғыстау арасын мекендеген қалың қазақты ақтың да, қызылдың да, казачествоның да талауына бермей, қорғап тұрады» (Сыздықова, Әнес, 1998: 21).

1919 ж. басында Орталық Алаш үкіметінің қайраткерлері Кеңес өкіметін мойындауға мәжбүр болғаны белгілі. Осылайша Х. Досмұхамедұлының «ат үстінде өткен күрес жылдары» аяқталады. 1920 ж. Х.Досмұхамедұлы Т.Рысқұловтың шақыруымен 1918 ж. отау құрған Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы Тәшкен қаласына келеді. Осыдан бастап Х.Досмұхамедұлы өмірінде 1930 ж. қыркүйегіне дейін созылған ғылыми-шығармашылық, ғылыми-ұйымдастырушылық, ұстаздық, баспагерлік қызметпен айналысқан кезең басталады. Осы жылдары ол бірнеше жауапты міндеттерді атқарды, ерекше белсенділік көрсетіп, халқына зор еңбек сіңірді, сонымен қатар қыруар ғылыми еңбектер мен оқулықтар жазды, аударма

жұмыстарымен айналысты (Нүрпейісов, 1996: 59-113), (Мектепов, 1996). Олардың бір парасы медицина, гигиена, биология, адам анатомиясына және өсімдіктер мен жануарлар әлеміне арналды.

Ал, зерттеушінің қазақ руханияты үшін аса мәнді, тұжырымды қорытындыларымен бүгінгі ғылымды да байытуға қауқарлы еңбектері гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша жазылды. Мысалы, «Алаш» не сөз?»// Қазақ (1913); «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы»// Шолпан (1922, 1923); «Дивани лұғат ат-түрк»// Шолпан (1923); «Қазақтың батырлары: Исатай, Махамбет»// Сәуле (1924); «Қазақ тіліне латын харфін алу мәселесі» // Ақ жол (1924); «Шернияз шешен» // Қызыл Қазақстан (1925); «Жат сөздер туралы» // Қызыл Қазақстан (1926); «Легенда о постройке медресе Когельташ в Бухаре» (1927); «Родословная Жалантус Батыра (Ялантуш-Бахадура), строителя медресе Тилля-Кары и Шир-дор в г. Самарканде» Ташкент (1928); «Казахская народная литература» (1928) т.б. Сондай-ақ Х.Досмұхамедұлы фольклорлық мұра мен ақын, жыраулар поэзиясын ел аузынан жинап журнал бетінде және жеке кітап етіп жариялап отырды. Мысалы, «Кенесары-Наурызбай» (1923), «Абай. Таңдамалы өлеңдері» (1922), «Мұрат ақынның сөздері» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926), т.б. Ғалым дайындап жариялаған мәтіндерді зерттеу мақалалармен, ғылыми тұрғыда жазылған түсініктермен жабдықтады. Ғалымның 1991, 1998, 2008 жж. жарық көрген еңбектері аудармаларымен қоса 2017 ж. Ғ.Әнестің құрастыруымен дайындалған басылымда жарық көрді: Досмұхамедұлы Х. Еңбектері. Бірінші, екінші, үшінші томдар.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Жұмыста теориялық және мәтіндік материалды жүйелеу мен құндылық-интерпретациялық тәсілдер аясында жүргізілген объективті-аналитикалық талдау әдісі қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақала жазу үшін Х.Досмұхамедұлының әдебиеттану мен фольклортану саласы бойынша жазған еңбектері, баспа бетінде жариялаған қазақ сөз өнерінің үлгілері, ол туралы жазылған ғылыми еңбектер, зерттеу методологиясына қатысты жазылған теориялық зерттеулер жаңадан мұқият талданып, ой-елегінен өткізілді.

3. Талқылау

Біздің мақсатымыз – Х.Досмұхамедұлы фольклор мен XIX ғ. ақындары мен жырауларының туындыларын тану, ұғыну, бағалау және түсінік беру процесінде герменевтика ұстанымдарын қалай түсініп, қандай жол/әдістермен іске асырғанын зерделеу.

Герменевтиканың генезисі Ежелгі Грекия тарихының классикалық кезеңінде (б.з.д. 480-323 жж.) орын тепкен шығармашылық үдерістермен тікелей байланысты. Ғылымның бұл саласы Ежелгі Грекия тарихының архаикалық кезеңінде (б.з.д. 800-500 жж.) жазылған мәтіндердегі (мысалы Гомер поэмаларындағы) түсініксіз, көмескі тұстарды тану, ұғыну, түсіндіру, интерпретациялау қажеттілігінен туындаған.

Дәстүрлі мағынада герменевтика термині (грек. «hermeneutike») түсіну, ұғыну, тану, түсінік беру өнерін білдіреді. «Герменевтиканың басты бағыты – мүлдем басқа тарихи контексте жазылған мәтіндерді оқу, түсіну және талдау» (Тисельтон, 2011:7). Түсінуде қиындық тудыратын мәтіндердің мән-мағынасын ашуға, маңыздылығын, мәнділігін анықтауға деген ұмтылыс нақты бір тәсіл, әдістерді тауып өндіруге, қалыптастыруға жол ашты. Яғни интерпретацияның тұтас теориясын жасау қажеттілігін тудырды. Герменевтиканың бастапқы элементтері – түс жору, бал ашу, шамандық көріпкелдіктер архаикалық замандардан да, яғни тарихи дәуірге дейін де белгілі болған. Алайда «Тек философия пайда болғаннан кейін тану, ұғыну, түсіндіру өнері рационалды сипат ала бастады. Аристотельдің «Об истолковании» (Peri hermeneua) атты еңбегі герменевтиканың қандайда бір мәтіннің <...> тереңде жатқан жасырын мағынасын түсіндіретін философиялық сала ретінде қалыптасу жолында алғашқы қадам болды» (Креминский, 2000 (электрондық ресурс)).

Еуропалық Қайта өрлеу дәуірінде интерпретация өнерінің әрі қарай дамуы антикалық мәтіндерді жаңа еуропалық тілдерге аудару, оларға түсініктеме беру қажеттілігімен тікелей байланысты болды. Бірақ, герменевтиканың мәтіндерді адекватты тану, түсіндіру мен ұғындырудың жүйесі мен әдістерінің жиынтығы ретінде қалыптасуы неміс философы әрі дін маманы Ф.Шлейермахердің (1768-1834) есімімен байланысты. Ф.Шлейермахердің басты тезисі: герменевтика бұл тек «түсіндіру ережелері» ғана емес, герменевтика – «біреудің сөзін (сөйлеуін) түсіну», «түсіну өнері», «мәтінді түсіну туралы ілім», басқаша айтқанда, ол тану, түйсіну, түсіну процесінің маңыздылығын дәлелдеп, бірінші планға шығарды. Автор әрі қарай: «Герменевтика – ойлау өнерінің бір бөлігі» . <...>. Герменевтика – бұл түсіну өнері, сондықтан философиялық сипатқа ие» деп, атап айтады (Шлейермахер, 2004: 73-112, 153-176). Бұл герменевтиканың мүлдем жаңа тұжырымдамасы екені ғылыми ұжым тарапынан мойындалды. Ф.Шлейермахердің пікірінше, интерпретация (тарихи контекст пен мәтіннің жазылу/құрылу жағдайлары ескерілген жағдайда) автордың идеясына енуден басталады, автордың ойы – ең бастысы, сондықтан зерттеуші авторды өзінен гөрі жақсы түсіну керек. Зерттеуші интерпретация процесі шексіз екеніне сенімді болды.

Осылайша, Ф.Шлейермахер мәтіннің тереңде жатқан, кейде бүркемелі мағыналарын анықтау міндетін, сондай-ақ туындының мән-мағынасын дәл түсіндіру мәселесін алға тартты, яғни танып білу, түйсіну, ұғыну, түсіну мен адекватты түсіндіру, яғни интерпретация процесін зерттеудің жеке саласына бөліп, герменевтиканың орталық категориясына айналдырды; таным процесінің философиялық табиғатын ашты. XIX ғ. басында Ф. Шлейермахердің еңбектерінің арқасында «Герменевтика тек филологиялық емес, философиялық сипатқа да ие болды» (Тисельтон, 2011:168). М.Хайдеггер танып білу мен өзінше түсіндіруді тіршіліктің/болмыстың негізгі формалары деп көрсетті, оның шәкірті Г.-Г.Гадамер герменевтиканы гуманитарлық ғылымдардағы әдіс ретінде ғана емес, тіршілік, онтология ілімі ретінде де түсіндірді (Гадамер, 1988); (Медведев, 2017).

Сонымен, герменевтика ежелгі грек авторлардың ерікті түсіндіруден бастап таным әдіснамасы туралы ілімге дейін, сайып келгенде, болмыс, тіршілік туралы, яғни онтология іліміне дейін ұзақ даму жолынан өтті. Бүгінгі таңда герменевтика аясында адам тіршілігіне, адамзат мәдениетіне, бүкіл Универсумға қатысты көптеген мәселелер қарастырылады.

Герменевтикалық талдау белгілі бір ережелерге сәйкес жүзеге асырылады, олардың ең маңыздылары: бірінші – зерттеу нысанының дербестік ережесі (канон автономии объекта исследования): зерттеушінің ғылыми, саяси, дүниетанымдық т.б.с.с. көзқарастары мен ұстанымдары қарастырылып отырған мәтінді тану, түсіну, түсіндірілуіне ықпал етпеу керек, яғни туындының мән-мағынасы, құндылығы мен маңыздылығы түсіндірушіге байланысты болмауы лазым. Екінші – тұтастық ережесі (канон тотальности) – мәтіннің қай тұстары, қай фрагменттері, я автор мұрасының қандайда мәтіні түсініксіз болып, зерделеуді қажет етсе де, мәтін, сондай-ақ автордың барлық мәтіндері бүтін, біртұтас, бөлінбейтін дүние, құбылыс ретінде қабылданып қарастырылуы лазым. Үшінші – интерпретация барысында міндетті түрде мына мәселелер назарда болуы қажет: автордың шығармасын жазғандағы мақсат-мүддесі, түпкі ниеті, шығармашылық тұлғасы мен статусы, туындыны туғызған тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік жағдаяттар, туындының жазылу, дүниеге келу тарихы және ситуативтік контексті.

Ұлттық әдебиеттану мен фольклортану ғылымдарының қалыптасып, дамуына айтарлықтай үлес қосқан Х.Досмұхамедұлы ғылыми-теориялық еңбектерінде, сондай-ақ ақын, жыраулардың мәтіндерін баспаға дайындағанда аталған принциптерді негізге ереже, әдіс ретінде қолданғанына көз жеткізілді.

1908-1912 жылдар аралығында Махамбеттің өлеңдері екі мәрте жарық көргені, алайда, екі басылымда да жеке шығармалары ғана берілгені мәлім. Х.Досмұхамедұлы ақындық, жыраулық поэзияның дарынды өкілі, жалынды ақын Махамбет Өтемісұлының шығармаларын ұзақ уақыт ел аузынан жинап, реттеп зерттеді, жеке жинақ етіп топтастырып, «Исатай – Махамбет» деген атпен 1925 ж. Тәшкенде бастырып шығарды. Бұл кітапқа Х. Досмұхамедұлы алғы сөз іспеттес «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты көлемді, мазмұны терең, мағлұмат-ақпаратқа бай зерттеу жазып жариялады (Исатай-Махамбет, 1925: 3-66). Зерттеушінің бұл мақаласы Исатай қолбасы болған, Махамбет жыршысы болған көтеріліс туралы жазылған бірінші зерттеу еңбек болғаны ақиқат.

Х. Досмұхамедұлы Махамбет шығармашылығын оны туғызған Исатай көтерілісінің контекстінде, Батыс Қазақстанда қалыптасқан, сол кезеңдерде шиеленіскен тарихи, саяси, әлеуметтік ситуациямен тығыз байланыста қарастырды. Бұл қисынды, себебі Махамбет шығармалары, негізінен, көтеріліс тұсында дүниеге келгені мәлім. Көтерілістің негізгі қозғаушы себебі – патшалық Ресейдің қазақ жерін тартып алуы, өз низамын орнатуы, сондай-ақ, хан, сұлтандардың қара халықтан қол үзіп, өз қамын ғана ойлауы, нәтижесінде халықтың ата қоныстарынан, тәуелсіздігінен айырылуы, тұрмысы нашарлап кедейленуі екенін зерттеуші дәл көрсетеді. Ол

былай жазады: «Жайлы қоныс табу, қонысты тартып алғандарды жою, хандарды, билерді, төрелерді қыру, қара қазақ баласына теңдік алып беру – міне, Исатайдың ұраны. Исатайдың ұраны өткен әсірдегі саясат партияларының программаларымен салыстыруға да келеді. Жұрттың Исатайға еруінің себебі осы» (Досмұхамедұлы, 1998: 54). Сондай-ақ автор патшалық Ресейдің басқыншылық саясатының тереңде жатқан себебін де көрсетеді: «Он сегізінші, он тоғызыншы әсірдегі патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау болды» (Досмұхамедұлы, 2017: 17).

Х.Досмұхамедұлы Кіші жүз қазақтарының драмалық хал-ахуалын, трагедияға толы, өмірде шынайы болған факт, оқиғаларды ел аузынан өзі жинаған ақпарат-мәліметтерге, тарихи аңыз-әңгімелерге, қолында бар еңбектерге (мыс. Добромислов, Крафт, Полферов, Сербаринов т.б.), құжаттарға сүйене отырып ғылыми тұрғыда сипаттады. Исатай көтерілісінің себеп-салдарын дұрыс көрсетіп, тарихи объективті саяси бағасын беріп, ой елегінен өткізген қорытындыларын ұсынды. «Исатайдың қимылы он тоғызыншы ғасырдағы ел әдебиетіне көп әсер берді» – деп қорытындылайды ол. Бұл еңбегімен автор өзін кәсіби тарихтанушы, әлеуметтанушы екенін танытты. Ғалымның бұл зерттеуі еліміздің басқа да аймақтарында болған ұлт-азаттық көтерілістерді түсініп саралауға жол ашады, себебі қазақ жерінде орын алған сондай қозғалыстарды тудырған тарихи-саяси, экономикалық-әлеуметтік, әскери жағдай өте ұқсас, бір типті болғаны белгілі. Сол себептен М.Әуезов «Әдебиет тарихы» (1927) монографиясында тарихи жырлар туғызған «Тарихтың дәл суретімен толығырақ танысамын деген кісі болса, қазақ тілінде шыққан Халел Досмұхамбетұлының «Исатай – Махамбет» жырының басына жазған баяншысы мен Қошмұхамбет Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» деген еңбектерін қарап өтсін дейміз», – деп жазған (Әуезов, 2001: 148).

Аталған мақаласында Х.Досмұхамедұлы Махамбеттің ата-тегін, туып-өскен ортасын, тұлғалық қасиеттерін сипаттай келіп, ақынның елдің ауыр халін, мұң-шерін жүрегімен түсініп, халықтың жағдайын түзетуге, армандаған болашағын қамтамасыз етуге, сол жолда жанын құрбан етуге іштей дайын болғандығын дәл көрсетеді: «Махамбеттің өзі де жас кезінде Жәңгірдің нөкерінде екен. Исатай ханға қарсы бола бастағанда-ақ Исатайға еріп кеткен. Өтемісұлы Махамбет батыр – бастан-аяққа дейін қасында жүрген, жауымен жауласып, дауымен дауласып, өлімге басын қиған Исатайдың қанды көйлек жолдасы» – деп нақтылайды (Досмұхамедұлы, 1998: 62).

Х. Досмұхамедұлы халық үшін хан ордасын тастап, қару алып, жауға қарсы шапқан, жалынды сөзін жай оғымен қатар жұмсаған Махамбеттің жалынды, өршіл, биік рухты өлеңдерін жоғары бағалағаны белгілі. Ғалым: «Махамбеттің өзі әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Махамбеттің жыраулығы күшті болды. Махамбеттің сөзі көп болған. Көбі жойылған. <.. >. Махамбет сөзінің ішінде ел ішіне көп жайылғаны – Баймағамбет сұлтанға айтқаны. <.. >. Махамбеттің Байкеге айтқан сөзіндей қазақ арасында еш уақытта ханға сөз айтылған емес» – деп көрсетеді (Досмұхамедұлы, 2017: 48, 60).

Зерттеуші-ғалым Махамбет шығармашылығының қайнар көзін, оны туғызған ортаны, тарихи, саяси, әлеуметтік хал-жағдайды анықтаумен қатар, кей өлеңдерінің айтылу/шығарылу тарихына, қызметіне (функциясына), идеялық бағыты мен мақсатына, тыңдаушы қауымның ерекшелігіне т.б.с.с., яғни ситуативтік контекске де назар аударып отырған. Мысалы, «Ереулі атқа ер салмай» өлеңінің дүниеге келу тарихын былай баяндайды: «Көштен адасып, далаға қонып, ашығып, тоңып, ертеңгі күні қар астынан тұрғанда ғой Исатайдың: «Қазақ ел болам десе шай ішпесін, құс төсек төсенбесін, қималы етік кимесін» – деп, қазаққа сәлем айтатыны. Исатайдың сөзіне «Ереулі атқа ер салмай» деген таңданарлық ғажап өлеңін айтып Махамбет батырдың жауап беретіні де сол күні ғой» – деп жазады (Досмұхамедұлы, 2017: 37).

Х.Досмұхамедұлы Махамбеттің жыраулығы күшті, шығарған өлеңі көп болғанын, алайда көп өлеңі сақталмағаны туралы бірнеше мәрте жазады. Ғалымның жазуынша Орал, Торғай, Бөкейлік, Маңғыстау елдерінде Махамбеттің сөздерін айтатын жыршылар күні кешегіге дейін көп болған, «Айтушылардың көбі бірақ Махамбеттің түрлі сөзін қосып шатастырып айтқан».

«Исатай-Махамбет» жинағына алынған мәтіндер жөнінде ғалым мынадай мәлімет береді: «Біздің бастырып отырғанымыздың негізіне Мұрат ақыннан естіп едім деп, Шөрекұлы Ығылман ақынның жазып бергені алынды. Қолымыздағы нұсқаларды салыстырып құрастырғанда, бабтарға бөлгенде сөздердің орны алмасып кетуі мүмкін. Бала күнінен осы сөзге құлағы қанық Махамбеттің еліндегі ақсақал, қарасақалдары біздің келтіріп отырған өлеңімізді дұрыс дейді» (Досмұхамедұлы, 2017: 60).

Қорыта айтқанда, Х.Досмұхамедұлы «Исатай-Махамбет» жинағын дайындау барысында герменевтиканың негізгі талаптарын орындаумен қатар, ақын өлеңдерінің жиналған нұсқаларын салыстыра зерттеп, авторлық түпнұсқаға мейлінше жақын мәтінді анықтауға еңбек еткен. Басқаша айтқанда, автордың герменевтика аясында пайда болған мәтінтану саласы бойынша да ғылыми ізденістерге қадам жасағанын көреміз. Сондай-ақ Х.Досмұхамедұлы Махамбеттің поэзиялық мұрасын толық күйінде бірінші боп қалың оқырманмен таныстырды, ғылыми айналымға енгізді, ал Махамбет шығармашылығына арналған зерттеулерімен махамбеттанудың негізін қалады.

Абай өлеңдерінің басылымын (1922) дайындау ісіне де Халекең үлкен жауапкершілікпен келіп, кәнігі ғылыми дайындығын танытты. Ұлы ақын өлеңдерінің ішкі дүниесі мен сыртқы пішінінің таңғажайып үйлесімдігін, философиялық мән-маңызын, жоғары көркемдігін, осыдан шығатын күдіреттілігін танып, жоғары бағалаған ғалым ұлы Абай мұрасының халық үшін, әсіресе, сол аласапыран кезеңдерде аса маңызды, өте керек екенін жақсы білді.

Кітапқа жазған «Оқушыларға ескертпе» және «Дұрыстаушылардан» (У.Омаровпен авторлық бірлестікте жазылған) атты шағын алғы сөз іспеттес тараушаларда «Абайдың терең ойлы, көркем өрнекті сөздері ел ішінде бұл күнге дейін жарытып жайылмап еді» – деп, өкінішін білдіреді (Абай, 1922: 4). Оның себебін «Қазақ емлесімен дұрыстап жазылмағандықтан, жаңылыс басылған сөздері

көп болғандықтан мәнісін айырып оқу қиын еді», деп көрсетеді де әрі «Осы мезгілде білім жолындағы жұмыстарға «толық Абай» өте мұқтаж, тым керек болып тұр» – деп, ойың нақтылайды (Абай, 1922: 2-6).

Ғалым өзі жазғандай аталған «кемшіліктерді жоюға, сөздерін анықтап дұрыстауға, түсінігі кемдеу сөздерді жоруға қолдан келгенше» еңбектенеді және Абайда жиі кездесетін кірме сөздерді түсіндіру, есімдері кездесетін жазушы, философтар жайлы мәлімет беру мақсатымен 100 анықтама-түсінік жазады. Оны жазғанда түрлі сөздіктерді пайдаланады, өз заманындағы білімді кісілердің көмегіне жүгінеді.

Осы ғылыми түсініктемелердің соңында Х.Досмұхамедұлы 1922 жылы, яғни 102 жыл бұрын: «Абай тек өлеңші емес, терең саналы адам, философ. Жазған сөзін түсінуге ой керек. Кейбір сөзін, сөйлемін, өлеңнің өздерін түрліше жоруға болады. Біз мәдениетті жұрт болсақ, Абайдың жүз бет өлеңіне мың бет жору (комментарий) жазылған болар еді... Надандығымыз кеміп, көзіміз ашылған сайын Абайдың қадірі де көтеріле бермекші» деп қорытындылайды (Абай, 1922: 284).

Демек Х.Досмұхамедұлы «тану», «ұғыну», «түсіну» философиялық категорияларды терең түсініп, зерттеу құралы етіп, ұлы Абай мұрасын танып білу, түсіну қажеттігін алға тартты. Зерттеушінің бұл жазғандары Ф.Шлейермахердің герменевтика деген ол – «біреудің сөзін (сөйлеуін) түсіну», «түсіну өнері», «мәтінді түсіну туралы ілім», «автордың ойы – ең бастысы, сондықтан зерттеуші авторды өзінен гөрі жақсы түсіну керек» деген қорытындыларын еске түсіреді. Және де бұл жерде мәселе герменевтиканың бірінші шарты, Г.-Г.Гадамер «предметное понимание» деп атаған ұғымымен байланысты (Гадамер, 1991:78), (Потоцкий, 1991:92). Сонымен қатар Х.Досмұхамедұлы – ақын өлеңдерінің ғылыми басылымын дайындаудың жолын, методикасын көрсетуші, Абай өлеңдері текстологиясының теориялық-практикалық негізін салушы.

Х.Досмұхамедұлы фольклорлық үлгілерді жариялау ісіне де зор ыждаһатпен, кәсіби тұрғыда қараған. Бұған «Кенесары, Наурызбай» тарихи жырының басылымы дәлел бола алады. Басылымға жазылған «Түзетушіден» деп аталған кіріспеде ғалым жарияланымның мақсаты мен міндеттерін және мәтінді баспаға дайындаудың ұстанымдарын нақты көрсетеді. Ол былай дейді: «1) Алатаудағы соғыс туралы Нысамбай ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру; 2) Ел арасындағы Нысамбай сөзі аталып, сыңар езу сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою; 3) Мектептерде оқылатын ана тілі үшін тарихи поэманың жақсы үлгісін беру; 4) Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салу» (Досмұхамедұлы, 1998: 90).

Бұдан біз ғалымның бұлжымас азаматтық позициясын, фольклордың өскелең ұрпаққа тәрбие берудегі ақпараттық-танымдық, философиялық, эстетикалық маңызын терең түсінгенін, оны ана тілінің қазынасы, сақтаушысы ретінде ұғынғанын аңғарамыз. Зерттеушінің «ел арасындағы Нысамбай сөзі аталып, сыңар езу сөйленіп жүрген сөздердің әсерін жою», ақынның шығарған сөзінің дұрыс нұсқасын беру керектігін мақсат еткені, ел арасынан жыр нұсқаларын іздестіріп, жинақтап, жүйелеп, салыстырып зерттегені ғылым үшін де, оқырман үшін де аса қажет іс болғаны күмән

туғызбаса керек. Себебі, фольклорлық туынды – ұжымдық шығармашылықтың жемісі. Дегенмен, кез келген мәтінді әу баста ауызша шығарып, дүниеге әкелетін сол ұжымның өкілі, кезінде аты-жөні белгілі болған адам. Уақыт өте шығарушының аты ұмытылып, халық жадында тек мәтін сақталады. Ал, ауызша шығарылып айтылатын мәтіннің ел арасына таралу барысында өңдеу-жөндеуге түсетіні заңдылық. Ол түрлі трансформацияға ұшырап, нұсқалары пайда болады.

«Кенесары, Наурызбай» жырына сюжеттік негіз болған оқиғалар XIX ғасырдың қырқыншы жылдары, яғни тарихи тұрғыдан алғанда, кеше ғана өткен. Сол кездің өзінде-ақ халқымыздың өмірінде, қоғамда күрделі тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық өзгерістер қарқын ала бастағаны белгілі. Нәтижесінде халқымыздың өмір сүру низамы күрт өзгерді, бұл өз кезегінде фольклордың әрі қарай дамып, қызмет ететін ортасының жойылуына, жоғалуына әкелді. Сонымен бірге, Кенесарының көтерілісі, оның қайғылы аяқталуы, Нысанбайдың оны жырлауы мен нұсқаны Диваевтің жинауы қысқа мерзім ішінде болғандықтан бұл жыр айтарлықтай өзгерістерге ұшырамай, «фольклорлану» процесіне толық түсіп үлгермей, Халекенге, оның информаторларына бастапқы қалпында жетті деген үміт орынсыз емес. Ғалым баспаға дайындап, жарыққа шығарған «Кенесары, Наурызбай» жырының шығарылу, айтылу, таралу, жиналу ерекшеліктері осы іспеттес XVIII, XIX ғғ. көптеп дүниеге келген тарихи жырлардың шығу тарихын терең түсініп, тануға жол ашады. Бұл жыр М.О.Әуезовтің тарихи жырларға берген «Ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады, <..>, атақты адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істелген жыры болады. <..>. Бұл әңгімелердің көбі сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргеннің әңгімесі» (Әуезов, 2001: 144) деген анықтамасын растай түседі.

Халекеннің жырды Әбубәкір Диваевқа 1897 жылы берген Жүсіпбек Басықараұлы екенін, ал Жүсіпбек сумұрын жаппас Ораз деген ақынға жаздырып алғанын көрсеткені ғылым үшін өте құнды. Сондай-ақ, ол жырда кездесетін кісі есімдеріне, жер-су атауларына, түсініксіз сөздерге түсінік және Абылай, Қасым мен Кенесары хандар жөнінде тарихи анықтама берген. Осы ғылыми түсініктерді жазғанда Х.Досмұхамедұлы: «Шәкәрімнің тарихын, Ахмет төре Кенесарыұлының Смирновқа «Кенесары мен Сыдық төре туралы» жазып берген сөздерін, орыс тілінде Түркістан туралы, әсіресе Жетісу туралы жазылған көп кітаптарды пайдаландық. Бұл – бір. Екінші, Қоңырқожа Қожықұлынан, Мұхаметжан Тынышбайұлынан, Жанқараш немересі Сатарқұл Диканбайұлынан, Ишанғали Арабайұлынан, Кенесары немересі Әзімхан Ахметұлынан, тағы басқалардан алынған мағлұматтарды пайдаландық» – дейді (Досмұхамедұлы, 1998: 90).

Демек Х.Досмұхамедұлы «Кенесары, Наурызбай» жырына бүгінгі эдициялық мәтінтану шарттарына толық жауап беретін ғылыми түсініктеме жазған деп қорытынды жасауға болады.

4. Нәтижелер

Х.Досмұхамедұлы Махамбет шығармашылығын оны туғызған Исатай көтерілісінің контекстінде қарастырып, көтерілістің негізгі қозғаушы себебі –

патшалық Ресейдің Қазақ еліне қарсы ұйымдастырған бірнеше ғасырға созылған әскери, саяси, экономикалық, идеологиялық экспансиясы екенін дәл көрсетті. Махамбет шығармашылығының қайнар көзін, оны туғызған ортаны, тарихи жағдаяттарды жан-жақты тексерді. Кіші жүз қазақтарының саяси, әлеуметтік хал-жағдайын құжаттарға сүйене отырып, ғылыми тұрғыда сипаттады. Исатай көтерілісінің себеп-салдарын нақтылап, тарихи объективті саяси бағасын беріп, ой елегінен өткізген қорытындыларын ұсынды. Бұл еңбегімен автор өзін кәсіби әдебиеттанушы, тарихтанушы екенін танытты.

Х.Досмұхамедұлы «Исатай-Махамбет» жинағын дайындау барысында герменевтиканың негізгі талаптарын орындаумен қатар, ақын өлеңдерінің жиналған нұсқаларын салыстыра зерттеп, авторлық түпнұсқаға мейлінше жақын мәтінді анықтауға еңбек етті.

Дарынды жырау Нысанбай жырлаған «Кенесары-Наурызбай» жырының дұрыс нұсқасын, басқаша айтқанда жыраудың сөзіне мейлінше жақын мәтінді ел арасынан іздестіріп беруді әрі «Ел әдебиетінен алынған сөздерді қалай етіп шығару туралы қолдан келгенше үлгі көрсетіп, жол салуды» мақсат еткен Х.Досмұхамедұлының бұл бағытта қыруар еңбек еткеніне оның ғылыми түсініктерді жазу барысында пайдаланған әдебиеттер тізімі дәлел. Халық санасында ұлт-азаттық күрестің символына айналған Кенесары көтерілісіне Халекең объективті тарихи-саяси бағасын берді. Нысанбай жырлаған сюжеттің арқауы болған қайғылы оқиғалардың астарын, сол кезеңдердегі қазақ-қырғыз қарым-қатынастарының түпкі себептерін, үшінші жақтың араласқанын жақсы білген зерттеуші әділдік, объективтік танытады.

Ұлы Абай өлеңдерінің жинағын баспаға дайындағанда Х.Досмұхамедұлы ақынның түпкі ниетін танып білуді, түсінуді әрі оқырманға түсіндіріп жеткізуді өзінің мақсаты, парызы деп білді, сол жолда еңбек сіңірді.

5. Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай қорытынды жасауға болады. ХХ ғасыр басында жаңадан қалыптасқан қазақ саяси элитасының көрнекті өкілі Халел Досмұхамедұлы филология саласында жазған еңбектерімен өзін үздік ойлы ғалым екенін танытты.

Ол, біріншіден, туған халқы үшін ең маңызды зәру мәселелерді күн тәртібіне қойып, ғылыми ұжым мен қалың оқырманның назарын аударды. Сондай мәселелердің бірінші қатарына ғалым тіл мәселесін қойды. Оның «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін білмеген ел – ел болмайды. < ... >. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт» деген сөздерімен көпшілік таныс. Тілмен қатар Халекең халық сөз өнері (фольклор мен ақын, жыраулардың поэзиялық мұрасы) үлгілерін ел аузынан жинап, зерттеп, ғылыми айналысқа енгізу мәселесіне үлкен мән берді. Ғалым «Сана» журналын шығарушылардың алда тұрған мақсат-міндеттерінің бірі – «Қазақ-қырғыз жұртының тілімен, әдебиетімен жақсы таныстыру», – деп көрсеткен болатын.

Екінші, ғалым «Исатай – Махамбет», «Кенесары – Наурызбай» жинақтарын баспаға дайындау барысында герменевтика қағидаларын негізге алды: екі жинақта да зерттеу нысанының дербестік ережесі (канон автономии объекта исследования)

мен тұтастық ережесі (канон тотальности) орындалған. Сондай-ақ зерттеуші автордың (Махамбет), жыршының (Нысанбай) туындыларын дүниеге әкелгендегі мақсат-мүддесін, түпкі ниетін, туындыны туғызған тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік жағдайларды және ситуативтік контекстерді зерттеді.

Үшінші, Х.Досмұхамедұлы «тану», «ұғыну», «түсіну» деген философиялық категорияларды зерттеу құралы етіп, ұлы Абай мұрасын танып біліп, түсіну қажеттігін алға тартты. Жазғандарына мейлінше үңіліп, тереңдігіне мойынсұнып, бас ұрып, оқырмандарымен бөлісіп, Абай шығармашылығын әрі қарай танып, зерттеп, ұлттық қазына етуге үндеді.

Төртінші, Х.Досмұхамедұлының «Исатай-Махамбет», «Кенесары – Наурызбай», Абай өлеңдерінің жинағына жазған түсініктері оның герменевтика қағидаларымен бірге герменевтика аясында пайда болған эдициялық мәтінтану ережелерін де орындағаны, ол үшін күрделі ғылыми ізденістерге барғаны айқындалып отыр. Шындығына келгенде зерттеушінің аталған үш жинаққа жазған пікірлері бүгінгі эдициялық мәтінтану шарттарына толық жауап беретін, қазақ ғылымында алғашқы, жоғары деңгейде жазылған ғылыми түсініктің үлгісі екені даусыз.

Х.Досмұхамедұлының өмірі – Отанға, өзінің армандары мен ғылымға деген қалтқысыз қызмет етудің үлгісі. Оған демократшылдық идеалдар мен жалпыадамдық гуманистік құндылықтарды ұстану, өз халқына, туған жеріне деген сүйіспеншілік, жақсылық пен әділдіктің жеңісіне, ғылым мен ағартушылыққа деген мызғымас сенім тән болды.

Жоғары білімді, еуропалық деңгейдегі білім иесі Х. Досмұхамедұлы өзінің ғылыми еңбектерінде батыс ғылымының жетістіктерін, үздік методологиясын қолданды.

Өкінішке қарай, өзімен бірге еңбектері де репрессияға ұшырады.

Алайда, бүгінгі таңда ХХІ ғасыр ғылымы аясында да оның еңбектері айтарлықтай ғылыми-практикалық әлеуетке ие.

Әдебиеттер:

1. Абай. Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері. Таңдамалы өлеңдері. Үшінші басылуы. Абай. Избранные стихотворения. 3-е издание. – Ташкент, 1922.
2. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы // Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 4-том. Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924-1930. – Алматы, 2001. – Б. 5-236.
3. Гадамер Г.-Г. Истина и метод. Основы философской герменевтики. Пер. с немецкого, общая редакция и вступит. статья Б.Н.Бессонова. – Москва, 1988.
4. Гадамер Г.-Г. Актуальность прекрасного. – Москва, 1991.
5. Досмұхамедұлы Халел. Еңбектері. Бірінші том. Жан саулығы. Құрастырған проф.Ф.Әнес. – Алматы, 2017.
6. Досмұхамедұлы Халел. Таңдамалы. Избранное. Қазақ тарихы, әдебиеті мен тілі, медицина, биология, табиғаттану салаларына қатысты зерттеу мақалалары және оқулықтарынан үзінділер. Құрастырған Ф.Әнес. – Алматы, 1998.
7. Исатай-Махамбет. Бірінші бөлім. – Ташкент, 1925.
8. Креминский В.И. Особенности герменевтической интерпретации художественного произведения (Электронный ресурс) / В.И.Креминский // Культура народов Причерноморья. – 2000. – Том 14: – режим доступа: http://elib.cremia.edu/index.php?option=com_content_task=view_id=66.

9. К.Нұрпейісов. Саяси көзқарас, халық азаттығы үшін күрес, Алашорда үкіметі // Нұрпейісов К., Құлқенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 1996. – Б.59-113; Нұрпейісов К. Алаш хәм Алашорда. – Алматы, 1995.
10. Медведев Н.В. Герменевтика Гадамера и социально-гуманитарное познание. – Тамбов: Грамота. 2017. №7 (81). – С. 123-127. Адрес журнала: www.gramota.net/editions/3.html
11. Мектепов А. Әдебиеттанушы ғалым, этнограф-тарихшы, профессор // Нұрпейісов К., Құлқенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 1996. – Б.114-156.
12. Потоцкий А.А. Герменевтика и методология художественного познания // Труды БГТУ. Серия 6, История, философия. 2022.№2 (263). – С.90-93.
13. Сыздықова Р., Әнес Ф. Халел шындыры. Профессор Халел Досмұхамедұлының өмірі мен шығармашылығы хақында шағын шолу // Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. Избранное. Құрастырған Ф.Әнес. – Алматы, 1998. – Б. 11-26.
14. Тисельтон Э. Герменевтика. Перевод с английского Ольги Розенберг. – Черкассы, 2011.
15. Шлейермахер Ф. Герменевтика. – Перевод с немецкого А.Л.Вольского. – СПб., 2004.

References:

1. Abai. (1922) Poems of Ibrahim Kunanbayuly. Selected poems. Third edition. Abai. Selected poems. 3rd edition. – Tashkent. (in Kaz)
2. Auezov M.O. (2001) History of literature // Mukhtar Auezov. Complete collection of fifty volumes of his works. Volume 4. Studies, textbooks, literary versions. 1924-1930. – Almaty. – P. 5-236. (in Kaz)
3. Dosmukhameduly Khalel. (2017) Works. Volume one. Soul health. Compiled by prof. G. Anes. – Almaty. (in Kaz)
4. Dosmukhameduly Khalel. (1998) Selected. Selected. Research articles and excerpts from textbooks on Kazakh history, literature and language, medicine, biology, natural science. Compiled by G. Anes. – Almaty. (in Kaz)
5. Gadamer G.-G. (1988) Truth and method. Fundamentals of philosophical hermeneutics. Trans. from German, general edition and introduction. article by B.N. Bessonov. – Moscow. (in Russ)
6. Gadamer G.-G. (1991) The relevance of the beautiful. – Moscow. (in Russ)
7. Isatay-Makhambet. (1925) Part One. – Tashkent. (in Kaz)
8. Kreminsky V.I. (2000) Peculiarities of hermeneutic interpretation of a work of art (Electronic resource) / V.I. Kreminsky // Culture of the peoples of the Black Sea region. – Volume 14: – access mode: http://elib.cremia.edu/index.php?option=com_content&task=view&id=66. (in Russ)
9. K. Nurpeisov. (1996) Political views, the struggle for people's freedom, the Alashorda government // Nurpeisov K., Kulkenov M., Khabizhanov B., Mektepov A. Khalel Dosmukhameduly and his life and work. – Almaty. – P.59-113; Nurpeisov K. Alash and Alashorda. – Almaty, 1995. (in Kaz)
10. Medvedev N.V. (2017) Gadamer's hermeneutics and social and humanitarian cognition. – Tambov: Gramota. №7 (81). – P. 123-127. Journal address: www.gramota.net/editions/3.html (in Russ)
11. Mektepov A. (1996) Literary critic, ethnographer-historian, professor // Nurpeisov K., Kulkenov M., Khabizhanov B., Mektepov A. Khalel Dosmukhameduly and his life and work. – Almaty. – P.114-156. (in Kaz)
12. Pototsky A.A. (2022) Hermeneutics and methodology of artistic knowledge // Trudy BGTU. Series 6, History, philosophy. No. 2 (263). – P. 90-93. (in Russ)
13. Syzdykova R., Anes G. (1998) Halel Peaks. A brief overview of the life and work of Professor Khalel Dosmukhameduly // Khalel Dosmukhameduly. Optional. Selected. Compiled by G. Anes. – Almaty. – P. 11-26. (in Kaz)
14. Schleiermacher F. (2004) Hermeneutics. – Translated from German by A.L.Volskogo. – St. Petersburg. (in Russ)
15. Thiselton E. (2011) Hermeneutics. Translated from English by Olga Rosenberg. – Cherkasy. (in Russ)